

Таким образом, правила всех договоров о выморочном имуществе сходны в двух отношениях. Во-первых, они исходят из того, что выморочное имущество переходит к государству. В этом вопросе они отражают ту же точку зрения, на которой в принципе стоит и внутреннее законодательство Казахстана. В частности, по правилам ст. 522 ГК в этих случаях имущество умершего по праву наследования переходит к государству. Во-вторых, они строятся на основе деления наследственного имущества на движимое и недвижимое.

Аналогичные правила отражены и в Конвенции государств СНГ о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, Семейным и уголовным делам, заключенной 22 января 1993 г. в г. Минске. В частности, ст. 46 посвящена переходу наследства к государству [6]. В ней установлено, что если по законодательству договаривающейся стороны, подлежащему применению при наследовании, наследником является государство, то движимое наследственное имущество переходит договаривающейся стороне, гражданином которой является наследодатель в момент смерти, а недвижимое наследственное имущество переходит договаривающейся стороне, на территории которой оно находится.

Список литературы:

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан от 1 июля 1999 года № 409-І (Особенная часть) // http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013880#pos=1;-327
2. Гражданское право: учебник для вузов (академический курс) / ред.: М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин. - Алматы : КазГЮУ, 2004 - Т. 3. - 522 с.
3. Земельный кодекс Республики Казахстан от 20 июня 2003 года № 442-ІІ // http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1040583
4. Гражданский кодекс Франции (Кодекс Наполеона) от 21.03.1804 (с изм. и доп. по состоянию на 01.09.2011) // <http://base.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?base=INT&n=55696&req=doc>
5. Консульская конвенция между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, подписанной сторонами 28 марта 1994 // <http://pandia.ru/text/78/430/35610.php>
6. Конвенция о правовой помощи и правовым отношениям по гражданским, семейным и уголовным делам государств-членов Содружества Независимых Государств, подписанной в Минске 22 января 1993 г. // http://arbitrationlaw.narod.ru/international_civil_procedure/Minsk_Convention.htm
7. Консульский договор Республики Казахстан с Китайской Народной Республикой от 16 сентября 1992 г. // <http://www.mfa.kz/index.php/ru/press-tsentr/2-uncategorised/4024-kitajskaya-narodnaya-respublika>
8. Консульский договор между Республикой Казахстан и Украиной (г. Киев, 20 января 1994 г.) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1023778#sub_id=490000
9. Консульская конвенция между Республикой Казахстан и Российской Федерацией, подписанной сторонами 28 марта 1994 // <http://pandia.ru/text/78/430/35610.php>
10. Договор между Республикой Казахстан и Литовской Республикой о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам (г. Вильнюс 9 августа 1994 года) // <http://prokuror.gov.kz/rus/o-prokurature/deyatelnost-prokuratury/mezhdunarodnoe-sotrudnichestvo/okazanie-pravovoy-pomoshchi--15>
11. Консульская Конвенция между Республикой Казахстан и Венгерской Республикой (г. Алматы, 9 марта 1995 года) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30052812

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*Ниязбекова А.Ж., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің
заң факультетінің магистранты*

Азаматтық іс жүргізу әдебиеттерінде азаматтық істердің соттылығы, бір жағынан, түрлі деңгейдегі соттардың шешуіне жататын істердің санаты, тегі, сипаты бойынша, екінші жағынан, бір деңгейдегі соттардың қызмет ететін аумағына қарай түрлерге ажыратылады. Бұлар азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында соттылықтың дәстүрлі түрлері болып табылады. Алайда азаматтық істердің соттылығының бұл түрлерінің атауы азаматтық іс жүргізу қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық акт ҚР АПК-де бекітілмеген.

Азаматтық іс жүргізу әдебиеттерінде соттылықты өзге түрлерге бөлу жөнінде пікірлер кездеседі. Кейбір ғалым-процессуалистер, мысалы, В.В. Комаров, Г.Л. Осокина соттылықты алқалы және жеке-дара түрлерге бөлу туралы айтады [1, 201-202; 2, 383]. Мұндай бөлуге қосыла алмаймыз, себебі, Қазақстан Республикасында барлық азаматтық істерді соттың бірінші сатысында соттың атынан әрекет ететін судья жеке дара қарайды. Демек, бірінші саты ретінде істерді қарап шешетін соттардың құзыретін алқалы өзіне жеке дара деген түрлерге бөлуге ешбір негіз жоқ. Т.П. Ерохина азаматтық істердің соттылығын субъективтік және объективтік критерий бойынша бөлуді ұсынады. Соңғысы бойынша аумақтық және тектік соттылықты бөліп қарастырады [3, 120].

Тектік соттылықтың жекелеген мәселелері келесі ғалым-процессуалисттердің еңбектерінде қарастырылған: Н.И. Авдеенко, Баймолдина, Т.П. Ерохина, Г.А. Жилин, В.Н. Захаров, У.К. Ихсанов, Н.М. Коршунов, Ю.Л. Мареев, Ю.К. Осипов, Т.М. Яблочков, т.б.

Ю.К. Осипов тектік соттылыққа мынадай анықтама береді: «Родовой, или предметной, подсудностью называют компетенцию судов, относящихся к различным звеньям судебной системы, на рассмотрение дел в зависимости от рода спора» [4, 92]. Осыған ұқсас анықтаманы У.К. Ихсанов, Баймолдина, Т.П. Ерохина, В.Н. Захаров айтады.

У.К. Ихсанов тектік соттылық деп сот жүйесінің түрлі звеноларының, түрлі тектегі соттардың құзыретін ажыратуды түсінеді [5, 158]. Баймолдинаның пікірі бойынша, тектік соттылық сот жүйесінің түрлі звеноларына немесе деңгейлеріне жататын соттардың пәндік өкілеттіліктерін анықтайды [6, 285]. Мұны толық қуаттаймыз, себебі, пәндік өкілеттілік құзырет ұғымын білдіретіндіктен, тектік соттылықтың көмегімен сот жүйесінің түрлі звеноларындағы соттардың құзыреті ажыратылады.

Тектік соттылықты анықтайтын белгі, Т.П. Ерохинаның пікірі бойынша, даулы құқықтық қатынастың сипаты болып табылады [3, 109].

Тектік соттылық ҚР азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында азаматтық істердің соттылығының қазіргі таңда қолданыстағы түрі болып табылады, оны пәндік соттылық деп те атайды. Соттылықтың бұл түрі тектік соттылық деген атауға сот жүйесінің нақты звеносының құзыретін анықтау үшін қолданылатын критерийдің арқасында ие болды. Бұл критерий - қаралатын істің сипаты (тегі, маңызы және күрделілігі).

Тектік соттылықтың ережелері Қазақстан Республикасының сот жүйесінің қай звеносы бірінші саты соты ретінде мәні бойынша нақты азаматтық істі қарауға құзыретті деген сұраққа жауап береді. Соттылықтың бұл түрі даудың пәніне, істің материалдық-құқықтық сипатына байланысты және істің сипатымен, материалдық құқықтық қатынастың субъектілі құрамымен анықталады.

Істердің азаматтық іс жүргізу заңдарымен белгіленген тектік соттылығы императивтік сипатқа ие. Бұл оның іске қатысушы тұлғалардың келісімі бойынша да, соттың ұйғарымы бойынша да өзгертіле алмайтындығын білдіреді.

Тектік соттылықпен ҚР Жоғарғы Соты мен жергілікті соттарының, яғни облыстық және оларға теңестірілген соттардың, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың бірінші саты соты ретінде қарауға және шешуге жататын азаматтық істерінің соттылығы түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірінші саты ретінде азаматтық істерді шешу құқығын ҚР Жоғарғы Сотынан бастап аудандық соттарға дейін барлық соттар пайдаланады. Алайда, олардың әрқайсысы заңмен өздерінің құзыретіне жатқызылған істерді ғана шешуге құқылы.

Тектік соттылықты анықтайтын ережелер бойынша азаматтық істерді аудандық (қалалық) соттар және оларға теңестірілген соттар бірінші саты соты ретінде қарай алады.

Аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттардың соттылығы ҚР АПК-нің 26-бабымен реттеледі. ҚР АПК-де аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттардың соттылығына жататын азаматтық істердің нақты тізімі көрсетілмеген. Бұл соттар мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, әскери, кәметке толмағандар істері жөніндегі соттардың, қаржылық сотының соттылығына жатқызылған азаматтық істерден басқа барлық азаматтық істерді қарайды. Демек, соттар жүйесінде негізгі звено болып табылатын аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттар азаматтық істердің басым бөлігін қарайды.

Аумақтық соттылық тиімді және жылдам сот ісін жүргізуге, сот төрелігіне ең тиімді қол жеткізуді қамтамасыз етуге, тараптардың экономикалық және жеке мүдделерін ескере отырып бір деңгейдегі соттар арасында істерді тең бөлуге бағытталған және қызметі таралатын аумаққа қарай бір текті соттар арасында ведомстволық бағынысты істердің шеңберін ажыратады, бір деңгейдегі соттар арасында құзыретті нақты сотты анықтауға, мемлекеттің бірінші звено соттарының қайсысына талап беруге болатындығын анықтауға, сот жүйесінің бір звеносының соттары арасында азаматтық істерді бөлуге көмектеседі.

Аумақтық соттылық Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізудегі дәстүрлі түрлердің бірі болып табылады, оны азаматтық іс жүргізу, құқығы ғылымында кеңістіктік, жергілікті соттылық деп те атайды.

Ю.К. Осиповтың ойынша, аумақтық (кеңістіктік, жергілікті) соттылық - олардың қызметі таралатын аумаққа байланысты бір текті соттардың кеңістікті құзыреті [7, 94]. Осыған ұқсас анықтаманы З.Х. Баймолдина айтады. Оның пікірі бойынша аумақтық соттылық сот жүйесінің бір звеносына (деңгейіне) жататын соттардың пәндік өкілеттіліктерін анықтайды. Бұл - осы соттың қызметі таралатын аумаққа қарай бірінші саты сотына істердің соттылығы [6, 285]. Демек, аумақтық соттылықты анықтауда аумақ маңызды, басты рөл атқарады, аумақтық соттылық осы сот қызмет ететін әкімшілік аумаққа байланысты. Соттың қызмет ету аумағы ғана соттылықты анықтаудың жалғыз белгісі болып табылмайды. Сонымен бірге жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін олардың тұрғылықты, немесе орналасу жері, мүліктің орналасу жері, зиян келтірілген жер, шарттың жасалу немесе орындалу жері және т.б. бойынша аумақтық соттылықты анықтауға болады. Себебі ҚР АПК-нің 29-33-баптарының ережелері аумақтық соттылықты анықтаудың белгілері бола алады. Осыларға қарап аумақтық соттылықтың түрлерін (жалпы, баламалы, айрықша, өзара байланысты бірнеше істің соттылығы) ажыратамыз. Жалпы айтқанда, аумақтық соттылықты анықтау белгісі - дау субъектісі мен объектісінің және пәнінің жиынтығы.

Аумақтық соттылықтың ережелері Қазақстан Республикасының біртекті соттары, яғни тек қана жергілікті нақты соттарының, яғни белгілі бір аудандық (қалалық) және оған теңестірілген соттың, облыстық және оған теңестірілген соттың нақты азаматтық істерді бірінші саты соты ретінде қарау және шешу жөніндегі құзыретін анықтайды. Сонымен қатар ҚР АПК-де белгіленген аумақтық соттылық ережелері мамандандырылған соттарға да қатысты.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында соттылық туралы іс жүргізушілік нормалардың сипатына қарай аумақтық соттылықтың мынадай бес түрі ажыратылады:

- 1) жалпы аумақтық соттылық;
- 2) талап қоюшының таңдауы бойынша соттылық (баламалы соттылық);
- 3) айрықша соттылық;
- 4) шарттық соттылық;
- 5) өзара байланысты бірнеше істердің соттылығы.

Аумақтық соттылықтың аталған түрлерін алғаш рет Ю.К. Осипов ажыратқан болатын [7, 94].

Жалпы аумақтық соттылық ҚР АПК-нің 29-бабында жауапкердің тұрған жері бойынша талап қою деп белгіленіп реттеледі. Оның ережелері мынадай:

- жеке тұлғаға талап жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа қойылады;
- заңды тұлғаға талап заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша сотқа қойылады.

Алайда, сот тәжірибесінде соттардың соттылықтың бұл түрінің ережелерін сақтамайтынын мынадай мысалдардан көруге болады.

Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 25 желтоқсан 2003 жылғы қаулысымен А.А. Сериковтың Алматы қаласының Алмалы аудандық сотының 25 қараша 2003 жылғы ұйғарымына жеке шағым бойынша келіп түскен Н.Г. Борисовтың жеке кәсіпкер А.А. Сериковке жіберіп алған залал түрінде материалдық зиянды өндіріп алу жөніндегі талабы бойынша азаматтық іс бойынша Алмалы аудандық сотының 25 қараша 2003 жылғы ұйғарымының күшін жойып, істі Алматы қаласының № 2 Әуезов аудандық сотына қарауға жіберді. 2003 жылғы 24 қарашадағы арызымен А.А. Сериков осы іс Алмалы аудандық сотымен соттылық ережелерін бұзып қабылданғандықтан, істі басқа сотқа тиісті соттылық бойынша беру жөнінде ұйғарым шығаруын өтінген, алайда Алмалы аудандық сотының 2003 жылғы 25 қарашадағы ұйғарымымен А.А. Сериковтың арызы қанағаттандырусыз қалдырылған. А.А. Сериков онымен және «Энергожилстрой» Құрылыс фирмасы» ЖШС-мен 18 тамыз 2001 жылы жасалған № 17 жалға беру шартының негізінде Алматы ұжалға алған. Кейін Н.Г. Борисов бұл ғимаратты жеке меншігіне сатып алғандықтан А.А. Сериковтен ерікті түрде босатудан бас тартқандықтан, мәжбүрлі түрде шығуын талап еткен. Алқаның жоғарыдағы шешімі мынаған негізделеді. Н.Г. Борисов пен жеке кәсіпкер А.А. Сериков арасында шарттық келісім жасалмаған. Демек, шарттық қатынастар болмағандықтан, Алмалы аудандық сотының ҚР АІЖК-нің 32-бабының 6-бөлігін негізге алуы заңсыз. Тараптар арасында шарттық қатынастар болмағандықтан, мұндай талап ҚР АІЖК-нің 31-бабының нормаларына сәйкес жауапкердің тұрғылықты жері бойынша берілуі тиіс [8].

Жалпы аумақтық соттылық жауапкердің тұрғылықты жері мен жауапкердің тұрғылықты аумағында орналасқан сот арасындағы байланысты білдіреді және жауапкердің болу орнымен анықталады.

Жалпы аумақтық соттылықтың ережесі жоғарыда аталып кеткендей, ҚР АПК-нің 29-бабында белгіленген және істі дұрыс шешу үшін қажетті дәлелдемелердің басым көпшілігі осы соттың аумағында орналасатындықтан, соттарға істерді жан-жақты қарау үшін қажетті жағдайды қамтамасыз етеді. Осыған байланысты азаматтық іс жүргізу заңдары жауапкерге маңызды құқықтардың бірі талапты теріске шығаруға дәлелдемелерді ұсынуды жүзеге асыруға кепілдік береді, ал мұны талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша сотқа баруға қаражат пен уақыт жұмсамай өзінің тұрғылықты жері бойынша істеген тиімді. Соттылықтың жалпы аумақтық түрі белгілі бір дәрежеде жауапкердің мүддесін білдіреді деп айтуымызға болады. Өйткені, жауапкерге талап қою талап қоюшының талабының әділ екендігін және талап қою талап қоюшы дұрыс істеп отыр дегенді білдірмейтіндіктен, жауапкерді талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша сотқа келтіруге міндеттеуге негіз жоқ. Бұл жерде жоғарыда аталған «талап қоюшы жауапкер сотымен жүреді» деген қағиданың дұрыстығы тағы да дәлелденіп отыр.

Азаматтық іс жүргізу заңы «жауапкердің тұрғылықты жері» деген ұғымға түсінік бермейді. Бұл сұраққа материалдық құқық нормаларына мазмұнды талдаудың негізінде ғана жауап беруге болады. ҚР Конституциясының 21-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша тандап алуға құқығы бар. ҚР АҚ-нің 16-бабы бойынша азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері деп танылады. Он төрт жасқа толмаған адамдардың немесе қорғаншылықтағы азаматтардың тұрғылықты жері олардың ата-анасының, асырап алушылардың немесе қорғаншыларының тұрғылықты жері болып танылады. Азаматтың жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ мемлекетпен қарым-қатынастарында пайдаланатын заңды мекен- жайы болады. Азаматтың тіркелген жері оның заңды мекен-жайы болып танылады. Тіркелімнің немесе тұрғылықты жерге мемлекеттік тіркелудің тек дәлелдемелік маңызы бар және олар өзімен өзі заңдық тұрғылықты жерді көрсетпейді. Азамат тұратын үй немесе пәтер, осы мекеннің ауданы емес, нақ елді мекен ғана тұрғылықты жер деп танылады. Үйдің немесе пәтердің мекен-жайы азаматтың тұрғылықты жерін тек нақтылай түседі [9, 114].

ҚР АПК-нің 29-бабына сәйкес заңды тұлғаға талап заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша қойылады. Іс жүргізу заңы заңды тұлғаның орналасқан жері деп нені түсіну керек деген сұраққа жауап бермейді. Оған жауапты материалдық құқық нормаларынан табуға болады, соның ішінде ҚР АҚ-нің 39-бабының 1-бөлігінде заңды тұлғаның тұрған жері болып оның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер танылатындығы белгіленген. Көріп тұрғанымыздай, ҚР АПК-нің 29-бабында орналасқан жер, ал ҚР АҚ-нің 39-бабының 1-бөлігінде тұрған жер деп беріліп, бір-біріне сәйкес келмейді. «Орналасқан жер» деп белгіленіп, тиісінше ҚР АҚ-нің 39-бабының 1-бөлігі ҚР АПК-нің 29-бабында сәйкестендірілуі тиіс деп есептейміз. Өйткені «тұрғылықты жер» мен «орналасқан жер» ұғымдары әр түрлі мағынаны білдіреді, «тұрғылықты жер» ұғымы тек жеке тұлғаларға ғана қатысты, ал заңды тұлғаларға қатысты «орналасқан жер» ұғымы қолданылады.

Заңды тұлғаның тұрған жері оның құрылтай құжаттарында почталық толық мекен-жайы жазылып, көрсетіледі. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста заңды тұлға өзінің нақты мекен-жайының бірыңғай мемлекеттік тізілімге енгізілген мекен-жайға сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқығы жоқ. Бұл орайда үшінші тұлғалар заңды тұлғаға мемлекеттік тізілімге енгізілген мекен-жайына да, нақты мекен-жайына да почталық және өзге де хат-хабарлар жіберуге құқылы.

Баламалы соттылық белгілі бір себептерге байланысты ерекше назарды қажет ететін талап қоюшылардың жекелеген санаттарының мүдделерін қорғау мақсатында белгіленеді. Осы арқылы заң шығарушы талап қоюшыға оның мүдделерін қорғаудың қосымша іс жүргізушілік кепілдерін беруге тырысады. Баламалы соттылықтың ережелері бұзылған немесе даулы құқықты немесе заңмен қорғалатын мүддені ерекше соттық қорғауға неғұрлым мұқтаж талап қоюшы үшін қосымша кепіл тудырады.

Баламалы соттылықтың ережелері ҚР АПК-нің 30-бабының атауында «Талап қоюшының таңдауы бойынша соттылық» деп белгіленген.

Ю.К. Осиповтың пікірі бойынша, баламалы деп іс заңда берілген бірнеше соттардың арасынан талап қоюшының таңдауы бойынша біреуімен қаралатын соттылық түрі аталады [10, 155] қолайлы және тең жағдайларды жасауға бағытталған. Ерекше соттылық жөніндегі ережелерді белгілеу істі қарау мен шешу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді. Олар іс бойынша дәлелдемелерді жинау мен ұсынуды жеңілдетеді, бір істің қайталанып қаралуы мен шешілуінің алдын алады,

шығарылған шешімнің дер кезінде орындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар кейбір істер үшін ерекше соттылықты белгілеу оларды басты тергеу іс-әрекеттерін жасау орны бойынша қарауды қамтамасыз етудің қажеттілігімен, даудың барлық мән-жайларын зерттеу үшін неғұрлым қолайлы жағдайларды жасаумен түсіндіріледі.

Айрықша соттылыққа толық және нақты анықтама беру үшін осы институттың түсінігін, ерекше соттылық жөніндегі норманың бөліну себептерін, аумақтық соттылықтың осы түрін енгізудің мақсаттарын, нормалардың сипатын, осындай ережелерді қолданудың құқықтық салдарын анықтау қажет.

Сонымен, ҚР АПК-нің жеке бабына (33-бап) айрықша соттылық жөніндегі нормаларды орналастырудың себебі олар реттейтін істердің ерекшелігі болып табылады.

Айрықша соттылықтың мақсаты мынадай:

1) істің дер кезінде және дұрыс қаралуы мен шешілуін қамтамасыз ету;

2) даудың объектісі орналасқан жердегі сотпен іс бойынша шығарылған шешімнің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету [11, 110];

3) тараптарға істі қарау кезінде тең және неғұрлым қолайлы жағдай жасау.

Егер баламалы соттылықтың ережелері диспозитивтік сипатқа ие болса, ерекше соттылықтың нормалары императивтік сипатқа ие. Мұның себептерін былай түсіндіруге болады:

біріншіден, ерекше соттылықтың нормалары аумақтық соттылықтың өзге түрлерінің нормаларынан басым сипатқа ие;

екіншіден, ерекше соттылық ережелерінің басымдығы аумақтық соттылық нормаларының бәсекелестігі кезінде анық байқалады;

үшіншіден, істі қарауға өкілетті сотты таңдауды заң шығарушы бекітеді;

төртіншіден, ерекше соттылықтың нормалары тараптардың еркі мен таңдауына байланысты емес.

Шарттық соттылықты реттейтін нормалар ҚР АПК-нің 32-бабында белгіленген. Аталған бапқа сәйкес тараптар өзара келісім бойынша аталған істі қай соттың қарайтынын аумақтық жағынан өзгерте алады, алайда осы Кодекстің 32-бабында белгіленген істің ерекше соттылығын тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды.

Шарттық соттылық тараптарға өздерінің материалдық және іс жүргізушілік құқықтарын еркін пайдалану құқығын беретін азаматтық іс жүргізудің диспозитивтік қағидасына негізделеді. Шарттық соттылық арқылы тараптар өздері іс соттылығына жататын сотты анықтауға құқылы. Белгілі бір шартты жасаған кезде тараптар оны орындаудан пайда болған немесе пайда болуы мүмкін дауларды кез келген бір текті соттың қарауына беруді белгілеуге құқылы. Тараптар ерекше аумақтық және тектік соттылықты келісім бойынша өзгерте алмайды. Келісіммен белгіленген соттылық тараптар үшін де, сот үшін де тең дәрежеде міндетті болып табылады.

Шарттық соттылықтың мақсаты - заңмен қорғалатын мүдделерді, азаматтық құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың соттық тәртібін жеке тұлғалар үшін де, заңды тұлғалар үшін де неғұрлым қол жетімді ету және тараптардың мүдделерін тиісті түрде қорғауды қамтамасыз ету. Шарттық соттылық тараптарға соттылық жөнінде диспозитивтік ережелерді өзгертуге және олар үшін неғұрлым тиімді болып табылатын сотты таңдауға мүмкіндік береді. Шарттық соттылықтың жағдайлары ерекше болып табылады. ҚР АПК-нің 32-бабына сәйкес аумақтық соттылықты өзгерту құқығы даулы материалдық құқық қатынасының болжамды субъектілері ретінде тараптарға ғана тиесілі.

Шарттық соттылық аумақтық соттылықтың түрі болып табылатындықтан, соттылық туралы келісіммен аумақтық соттылықты ғана өзгертуге болады, яғни азаматтық істерді бір деңгейдегі соттар арасында ғана беруге болады. Демек, тараптар келісімде олардың ісін аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттың іс жүргізуінен алып, облыстық және оларға теңестірілген соттың, аудандық және оларға теңестірілген соттың іс жүргізуінен алып ҚР Жоғарғы Сотының, облыстық және оларға теңестірілген соттың іс жүргізуінен алып ҚР Жоғарғы Сотының немесе ҚР Жоғарғы Сотының соттылығына жататын істі жергілікті соттардың қарауына беру жөнінде қарастыра алмайды.

Соттылықты өзгерту жөніндегі келісімнің құқықтық табиғаты жөнінде дәстүрлі түрде үш пікір бар. Кейбір ғалымдар мұндай келісім іс жүргізушілік келісімдердің қатарына жатады, сондықтан да іс жүргізу құқығының нормаларымен реттеледі деп есептейді. Өзгелері оны азаматтық құдық саласында қаралатын материалдық-құқықтық шарт ретінде қарастырады. Үшіншілері соттылық жөніндегі келісімді материалдық та, іс жүргізу құқығының да нормаларына бағынатын аралас құқықтық табиғаттағы шарттардың қатарына жатқызады.

Тараптардың келісімі бойынша соттылықтың түрлерінің ішінде тек аумақтық соттылықты (ерекше аумақтық соттылықтан басқа) ғана өзгертуге болады, ал тектік соттылықты соттың да, тараптардың да еркі бойынша өзгертуге болмайды.

Өзара байланысты бірнеше істердің соттылығы бір іс жүргізуге біріктірілген бірнеше талап арыздарды қай соттың қарайтындығын және шешетіндігін анықтайды. Бұл ереженің мәні мынада: аумақтық соттылығына қарамастан құқық жөніндегі дау осы дауға байланысты өзге іс қаралып жатқан сотта талқылануға жатады.

Өзара байланысты бірнеше істердің соттылығы ҚР АПК-нің 33-бабымен былай реттеледі. Әр жерде тұратын немесе орналасқан бірнеше жауапкерге талап талап қоюшының таңдауымен жауапкердің біреуі тұратын немесе орналасқан жер бойынша қойылады. Алайда егер дау ерекше соттылықтың ережелеріне бағынатын болса, онда талап осы ережелермен белгіленген сотқа берілуі тиіс. Мысалы, әр түрлі жерде тұрып жатқан бірнеше меншік иелері арасында құрылысты бөлу жөніндегі дау осы құрылыстың орналасқан жеріндегі сотпен шешілуі тиіс.

Істің аумақтық соттылығын өзгерту мақсатымен теріс пиғылды жауапкерлер әр түрлі қулықтарға баруы мүмкін, мысалы, тұрғылықты жерін немесе тұрғылықты жері бойынша тіркеуді өзгерту. Бұл талап қоюшыға соттық қорғану үшін жолданғанда, әсіресе жауапкер республиканың басқа аумағында немесе қандай да бір өзге шалғайдағы жерде тұратындығына сілтеме жасайтын жағдайларда барынша қиындықтар тудыруы мүмкін.

Мамандандырылуын және олардың юрисдикциясын негізге ала отырып, азаматтық істердің түрлері және олардың соттардың қарап шешу саласына қарай мынадай жаңа түрлерге бөлуді ұсынамыз:

- 1) жалпы юрисдикция соттарына азаматтық істердің соттылығы;
- 2) арнайы юрисдикция соттарына азаматтық істердің соттылығы.

Арнайы юрисдикция соттарына азаматтық істердің соттылығы тек қана мамандандырылған соттардың, яғни Қазақстан Республикасында құрылып жұмыс істеп жатқан экономикалық, әкімшілік, әскери, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттардың және қаржылық сотының азаматтық істерді қарап шешу жөніндегі құзыретін анықтайды.

Жалпы юрисдикция соттарына азаматтық істердің соттылығы аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың құзыретін белгілейді.

Біздің ойымызша, соттылықты мұндай түрлерге бөлу соттар арасында жүктемені оңтайлы бөлуге, судьялардың біліктілік деңгейіне сәйкес азаматтық істерді дұрыс және дер кезінде қарауды қамтамасыз етуге ықпал етеді, тиімді және жылдам сот ісін жүргізуге, сот төрелігіне оңай қол жеткізуді қамтамасыз етуге, бір деңгейдегі соттар арасында істерді тең бөлуге бағытталған. Сонымен қатар мұндай ұсыныс Қазақстан Республикасында жалпы соттардан бөлек құрылып жұмыс істеп жатқан әртүрлі мамандандырылған соттардың азаматтық істер бойынша құзыретін дұрыс және оңтайлы ажыратуға өз септігін тигізеді деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Осокина Г.Л. Гражданский процесс. Общая часть. - М: Юристъ, 2004. - 669 с.
- 2 Гражданское процессуальное право Украины / Под ред. В.В. Комарова. - Харьков: Одиссей, 2002. - 476 с.
- 3 Ерохина Т.П. К вопросу о видах подсудности в гражданском процессе // Актуальные проблемы процессуальной цивилистической науки: Материалы научно-практической конференции, посвященной 80-летию проф. М.А. Видука / Отв. ред. Н.В. Кузнецов. - Саратов: Изд-во ГОУ ВПО «Саратовская государственная академия права», 2003. - С. 119 - 121.
- 4 Бегалиев К.А., Беков К.А. Суд и правосудие: Учебное пособие. - Алматы: «Қазақ университеті», 1998. - 225 с.
- 5 Научно-практический комментарий к ГПК Казахской ССР. - Алма-Ата: Казахстан, 1976. - 543 с.
- 6 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В 2-х т. Общая часть (Темы 1-15): Учебник. - Алматы: КазГЮА, 2001.-Т. 1.- 416 с.
- 7 Осипов Ю.К. Подведомственность и подсудность гражданских дел. - М.: Юрид. лит., 1962. - 112 с.
- 8 Постановление № 33-2905 // Архив Алматинского городского суда. Копии апелляционных постановлений Алматинского городского суда за 2003 г.

9 Азаматтық құқық: Оқулық (академиялық курс). - Өңделген және толықтырылған 2 - басылым / Жауапты ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2003. - 1 т.-736 б.

10 Гражданский процесс: Учебник / Отв. ред. В.В. Ярков. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство БЕК, 1999. – 624 с.

11 Гражданский процесс. Учебник / Под ред. М.К. Треушников.-М.: Городец- издат, 2003. - 531 с.

СТАНОВЛЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Мухантаев А., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова
Киздарбекова А.С., к.ю.н., доцент, зав. кафедрой гражданского и трудового права
КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Вопрос об истории становления законодательства в сфере предпринимательства в Казахстане неоднозначен. С одной стороны, начало формирования собственного национального законодательства, направленного на правовое регулирование осуществления предпринимательской деятельности, приходится на 80-ые годы прошлого столетия – период «перестройки», когда Верховным советом КазССР принимается ряд законодательных актов, заложивших основы и установивших принципы регулирования предпринимательской деятельности [1, 27]. С другой стороны, в досоветский период на территории Казахстана, находившейся в то время в составе и под управлением царской России, действовало значительное количество законодательных актов, регулировавших осуществление торговой и коммерческой деятельности.

В целях комплексного и полного отображения сути вопроса, считаем целесообразным начать анализ с более раннего этапа становления предпринимательского законодательства на территории нашей республики.

Вторая половина XIX – начало XX века, ознаменовалась проникновением в казахскую степь первых капиталистических отношений. Этот период в истории Казахстана был особенно благоприятным для развития предпринимательства. В экономике края происходили изменения рыночного типа. Они были вызваны, прежде всего, проникновением и утверждением капиталистического уклада, становлением и развитием предпринимательства [2].

В начале XIX в. в Российской империи появляются первые проекты самостоятельного «коммерческого уложения». Следует отметить, что в тот период не было четкого понимания задач и содержания торгового права. Проекты, датированные первыми десятилетиями XIX в., не отличаясь оригинальностью, в значительной части копировали западноевропейские законодательные акты, и не принимали во внимание особенности правовой и экономической действительности как самой России, так и ее окраин, к которым относились казахские земли [3, 471].

М.М.Сперанский, возглавивший по поручению Николая I комиссию по систематизации российского законодательства и изданию Свода законов Российской Империи, при осмыслении системы будущего свода приходит к выводу о том, что торговое право представляет собой исключение из общего гражданского права. В отчете о трудах Второго отделения «Собственной Его Императорского Величества» канцелярии с 24 апреля 1826 года по 1 июля 1827 года, например, фигурирует идея разделения законов гражданских на законы «земские» и «торговые» («коммерческие») [3, 472]. Впоследствии эта идея оформилась в систему российского частного права, состоящую из гражданского (Т.X Свода законов) и торгового (Т.XI). Используя локальное указание императора Николая I о разработке мероприятий против «банкротств», М.М.Сперанский, опираясь на традиции французского торгового законодательства, разработал собственный оригинальный проект системы торгового права. В результате были утверждены и вошли в Т.XI под именем «Учреждений и Уставов торговых» Свода законов 1833 г. «Устав о векселях», «Устав о торговой несостоятельности», «Учреждение коммерческих судов», «Устав судопроизводства в коммерческих судах» [3, 472].

Торговое законодательство М.М.Сперанского явилось прогрессивным шагом в развитии устаревшего, основывающегося на феодальных принципах права России, которое стимулировало развитие рыночных отношений в стране. Однако сохранялись и значительные пережитки феодализма. Торговое право не могло посягнуть на основы социального и государственного устройства империи [4].